

«KMG PetroChem» ЖШС «Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенін салу. Екінші фаза (газ бөлу қондырғысын салу). Түзету» жобасы бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған құжаттарды талқылау бойынша ашық жиналыс түрінде өткізілген қоғамдық тыңдаудың хаттамасы

13.03.2025 ж.

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **"Қазақстан Республикасы Атырау облысы Жылыой ауданы Майкөмген ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы (қаралатын жобалау құжаттардың толық, нақты атауы): **"KMG PetroChem" ЖШС «Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенін салу. Екінші фаза (газ бөлу қондырғысын салу). Түзету» жобасы бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған құжаттарды талқылау бойынша есебі.**

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы. **ҚР ЭГТРМ «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМҚ (<https://ecoportal.kz> порталы арқылы) Атырау облысы табиғи ресурстарды және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы.**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері (көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары): **Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Теңіз кен орнының өнеркәсіптік аймағының солтүстік-батыс бөлігінде, ТШО зауытынан 1 км қашықтықта.**

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы (белгіленген көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі): **Атырау облысы, Жылыой ауданы.**

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері (оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары): **«KMG PetroChem» ЖШС, Атырау қаласы, Атырау-Доссор тас жолы, 301/32 құрылыс. БСН: 110740001729; тел.: +7 (7172) 613-673, info@kmgpetrochem.kz**

7. Қоршаған ортаны қорғау бөлімі туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын



әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері. (оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары): «Sustainable Ecology Development» ЖШС, Алматы қаласы, Асқаров көшесі, 3, тел.: +7 (727) 247-23-23, +7 (727) 247-26-26, +7 (727) 247-26-36, эл. адресі: sed@sed.kz

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт); (қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталу және аяқталу уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі): 13.03.2025 жылы, сағат 15:00. Тіркеу басталу уақыты 14:30. Қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты 15:00, аяқталу уақыты 17:00. Тыңдау өткізілетін орынның мекен-жайы: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Майкөмген а.о., Майкөмген мәдениет үйі. Сонымен қатар, қоғамдық тыңдау ZOOM платформасында онлайн режимінде өтті.

Қатысушылар тыңдауға қатысу үшін келесі сілтеме арқылы өту қажет болды: <https://us06web.zoom.us/j/9157904000?pwd=TG9TY3pRZTd6eFUyT0U0OUxYUmlYz09&omn=87868288528>

Идентификатор конференции: 915 790 4000

Код доступа: 12587

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. Хаттар хаттамаға 1-Қосымшада қоса ұсынылды.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. Тіркеу парағы хаттамаға 2-Қосымшада қоса ұсынылды.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecoportal.kz/> жарияланған күні 10.02.2025 ж. тіркеу нөмері 25261523001;

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында (ресми интернет-ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні) <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/details/934827?directionId=8251&lang=kk> Қоғамдық тыңдау бөлемінде, жарияланған уақыты 10 ақпан 2025ж.

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында: Баспасөз беттерінде «Кен ЖЫЛЫОЙ» №5 (8157) 06.02.2025 ж. шыққан, «Прикаспийская коммуна» №5 (20807) 06.02.2025 ж. шыққан, «Атырау» №5 (20870)

06.02.2025 ж. шыққан. Газеттің сканерлеген титулдық беттері және қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген беттер хаттаманың 3-Қосымшасында ұсынылған.

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

«Caspian NEWS» Атырау және Маңғыстау облысының жаңалықтарымен бөлісетін тәуелсіз телеарнасы: жүгіртпе жол арқылы жарнамалық хабарландыру 2025 жылдың 06-шы ақпан аралығында берілді. Эфирлік анықтамалар хаттаманың 4-Қосымшасында ұсынылған.

(теле- немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың видео және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда:

Хабарландыру тақтасы Майкөмген ауылында Айнымас 74 көшесі бойынша Майкөмген а.о. әкімдігінің ғимаратында және Майкөмген ауылында Қарашүңгіл 4 көшесі бойынша Мәдинет үйінде орналысты. **Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдау хаттаманың 5-Қосымшасында ұсынылған қоса берілген.**

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

«Жақтаған»- 44 қатысушы, «Қарсы»- 0 қатысушы, «Қалыс қалған»- 0 қатысушы
(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

«Жақтаған» - 44 қатысушы, «Қарсы»- 0 қатысушы, «Қалыс қалған»- 0 қатысушы.
Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың барлығы регламентті бірауыздан мақұлдады.
(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер (баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы, баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың сан):

Баяндама және презентация тақырыбы «Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенін салу. Екінші фаза (Газ бөлу қондырғысын салу). Түзету» жобасы бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған құжаттарды талқылау бойынша есеп. Баяндамашылар - Зұлхатов Т., «KMG PetroChem» ЖШС-нің жетекші құрылысшы – жобалаушы маманы, Жетібаева Д., қоршаған ортаны қорғау бөлімін әзірлеуші ұйымның өкілі. Баяндама-12 бет.



презентация-20 слайд. Қоғамдық тыңдауға ұсынылған құжаттар бойынша баяндаманың мәтіндері осы қоғамдық тыңдау хаттамасының 6-Қосымшасында қоса берілген.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдігінің атауы ұйымдар, пікірлер мен ұсыныстар): ұсыныс болмады.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні):

Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімінің орынбасары

Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы  17.03.2025 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні):

Сүйесінов Марат Химединұлы - «KMG PetroChem» ЖШС-нің жетекші инженер-технологы

Сүйесінов Марат Химединұлы  17.03.2025 ж.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

№	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	<p><u>Сабырғали Мейрамбай – Жылыой ауданының тұрғыны:</u> Экология департаментінен өкілдер бар ма? Жер комитетінен кімдер бар екен? Мүмкін олар Skype арқылы қосылған шығар? Негізі кімдер рұқсат беріп жатыр ауданымызда осындай өндіріс нысандарын салуға? Жалпы қалай бүгін қоғамдық тыңдау өтіп жатыр, кім рұқсатын беріп отыр?</p>	<p><u>Жетібаева Дина – «SED» ЖШС-нің өкілі:</u> Біріншіден, шу шығарудың қажеті жоқ екенін айтқым келеді. Ұстамды болып, бір-бірімізді сыйлайық. Барлық құжаттар Атырау облысы бойынша экология департаментіне жолданды, кейін олардың келісімін алып, Қазақстан Республикасы Экология министрлігінің экопорталында орналастырылды. <u>Айшуақова Гүлнафис - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімінің орынбасары:</u> Әрине, экология департаментінің өкілдері қатысып отыр, Зум қосымшасы арқылы қосылып отыр, егер қосылыста болмаса, әлбетте қоғамдық тыңдау да өткізілмес еді, оларға сұрақтарыңыз болса, міндетті түрде жауап болады, рахмет.</p>	<p>Алынып тасталған</p>
2	<p><u>Танкибаева Гүльмира Идрисқызы – «Халық үміті» қоғамдық бірлестігінің мүшесі:</u> Құрылыс кезеңіндегі жұмыстарда ауыз су және техникалық суды қайдан аласыздар, қандай мекемелермен келісім шартқа отырдыңыздар?</p>	<p><u>Сүлейменов Алмаз - «KMG Petrochem» ЖШС ГСК алаңындағы жұмыстар тобының менеджері:</u> Қайырлы күн, құрметті тұрғындар! Иә, техникалық суды пайдалануға қатысты алаңдаушылықтарыңызды түсінеміз. Бізде техникалық суға рұқсат бар, яғни техникалық су үшін "Магистральдық су құбыры" ЖШС-мен техникалық шарттар алынды. Осыған байланысты шамамен 140 мың м/3. техникалық суды</p>	<p>Алынып тасталған</p>

		пайдалануға болады, келісім бар. Ауыз су – әкелінетін, бөтелкедегі су. Шарт келесі кезеңде жасалады.	
3	<p><u>Танкибаева Гүлмира Идрисқызы – «Халық үміті» қоғамдық бірлестігінің мүшесі:</u> Атмосфералық ауаға, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне ластаушы заттардың әсері болмайтынына кепілдік бересіз. Бұл ретте сіз зауыт құрылысын 2025 жылдың аяғында бастайсыз, атмосфералық ауадағы ластаушы заттарды бақылауға арналған стационарлық бақылау бекеттері тек 2027 жылы ғана орнатылады. Атмосфералық ауаға түсетін ластаушы заттардың алдын ала көлемі 378 тоннаны құрайды. Сіз қалай кепілдік бере аласыз?</p>	<p><u>Жетібаева Дина – «SED» ЖШС-нің өкілі:</u> Құрылыс кезеңінде атмосфераға 32 ингредиент және 5 жиынтық топ шығарылады. Атмосфераға түсетін ластаушы заттар көздерінен шығарындылардың ең көп көлемі көміртегі оксиді (74.6%), азот диоксиді (12.1%), күйе (7.1%), метан (2.2%), азот оксиді (2.0%). Басқа заттардың көлемі 2% - дан аспайды. ҚМЖ кезеңінде 2027 жылы стационарлық шығарындылар көздерінің жалпы саны 373-ті құрайды, оның ішінде: 127 ұйымдастырылған және 246 ұйымдастырылмаған. ІБЖ (қаңтар-қыркүйек) кезеңінде 2029 жылы стационарлық шығарындылар көздерінің жалпы саны 142-ні құрайды, оның ішінде: 30 ұйымдастырылған және 112 ұйымдастырылмаған. Бұл ретте ең жақын елді мекен Майкөмген ауылы объектіден солтүстік-шығысқа қарай 73,4 шақырым біршама қашықтықта орналасқан. Бұл құрылыс кезеңі үшін максималды әсер ету аймағынан 52 есе көп, бұл тұрғын аудандардағы атмосфералық ауа сапасына ешқандай әсер етпейтіндігіне кепілдік береді. <u>Зұлхатов Талғат – «KMG Petrochem» ЖШС жетекші құрылысшы-жобалаушы маманы:</u> Көлем бойынша сандар қайдан пайда болады деген сұраққа жауап берсем: құрылыс басталғанда сіз ойлағандай, олар 2-3 техниканы қолданады және құрылыс неғұрлым ұзақ болса, онда техника көбірек тартылады. Ауаның ластануы</p>	Алынып тасталған



		негізінен құрылыс техникасы мен автокөліктен дизель отынының жану өнімдерінің шығарындылары, бетонды дайындау кезеңінде пайда болған шаң және т.б. көздер, атмосфералық ауаға шығарындылар саны осылайша пайда болады.	
4	<p><u>Танкибаева Гүлмира Идрисқызы – «Халық үміті» қоғамдық бірлестігінің мүшесі:</u> Иә, Экопорталда бұл ингредиенттер бар, бірақ мүмкіндік болса, слайдтан ингредиенттер тізімін көргім келеді. Қалдықтар қайда жіберіледі? Құрылыс кезеңінде де, пайдалану кезеңінде де.</p>	<p><u>Сүлейменов Алмаз - «KMG Petrochem» ЖШС ГБК алаңындағы жұмыстар тобының менеджері:</u> Құрылыс қалдықтары белгіленген талаптарға сәйкес жойылады. Шарттар жасасу кезінде кәдеге жаратудың түпкілікті пунктін қадағалауды қоса алғанда, кәдеге жаратудың толық процесін бақылау көзделетін болады.</p> <p><u>Жетібаева Дина – «SED» ЖШС-нің өкілі:</u> ҚР Экология кодексінің 331-бабына сай, түзілетін қалдықтар компаниялар қалдықтарды өңдеумен немесе кәдеге жаратумен айналысатын тұлғаға бергенге дейін олармен жүргізілетін жұмыстар үшін жауапкершілік алады. Бірақ, «KMG PetroChem» компаниясы соған қарамастан, мамандырылған ұйымдарға келісімшарт бойынша қалдықтарды өткізсе де, қалдықтардың одан әрі кәдеге жаратылуының жауапты кепілі ретінде әрекет етеді және үздіксіз бақылау жүргізеді. Яғни: -кәдеге жаратуға дейін қалдықтың толық циклін бақылап, қоршаған ортаның компоненттеріне әсер етпейтіндігіне қол жеткізеді.</p>	Алынып тасталған
5	<p><u>Танкибаева Гүлмира Идрисқызы – «Халық үміті» қоғамдық бірлестігінің мүшесі:</u> Жобада сіз қанша жұмысшы жұмысқа</p>	<p><u>Айшуақова Гүлнафис - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімінің орынбасары:</u> Сұрағыңызға рахмет, Гүлмира. Өздеріңіз білетіндей, ТШО көлемінің қысқаруына</p>	Алынып тасталған

	<p>қабылданатынын көрсеттіңіз. Майкөмген ауылы мен Жылыой ауданы арасында жергілікті халықты тартуға Меморандум жасалды ма? Бос жұмыс орындары қандай болады? Сіз жұмыс орындарының көлемі артады, экономика жақсарады деп айтасыз. Сондықтан бізді, жергілікті тұрғындарды, қандай көлемде жұмысқа қабылданады деген сұрақ қызықтырады.</p>	<p>байланысты біздің көптеген тұрғындарымыз жұмыссыз қалды. Қазіргі уақытта біздің тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету бірінші орында тұр. KMG Petrochem компаниясы жобаны дайындау барысында 2 жыл бұрын Меморандумға қол қою бойынша дайындықты бастады. Меморандум бар, оған қол қойылды. Мен онымен толық таныстым. Осы Меморандумда жергілікті тұрғындар жұмысқа тартылатыны жазылған. Бұл ретте қосымшада шамамен 50% - ы жұмысқа орналасатын болады. Мәселен, KMG Petrochem өкілімен, Басқарма төрағасының орынбасарымен кездесіп, талқылау кезінде бұл жеткіліксіз екені айтылды. Мен есептедім, егер 2028 жылға дейін осы жобаға шамамен 4600 адам жұмысқа орналасса, онда 50% бұл аз, осыған байланысты пайыздық өсім болады. Бұған дейін қандай мамандар сұранысқа ие болады, біз іздеп ұсынамыз. Екінші нұсқа, егер сұранысқа ие бос жұмыс орындарының арасында мамандар болмаса, оларды оқыту қажет болады. Тұрғындар оқи алатын екі оқу ұйымы бар екенін айтты. Мен Жылыой ауданынан бастауды ұсындым.</p>	
<p>6</p>	<p><u>Мыңбаев Канат – Маслихат төрағасы:</u> Менің екі ұсынысым бар. 4600 жұмыс орны ашылса, онда қазір «Мансап» орталығына тізім берсеңіздер және құрылыс кезеңінде неше түрлі материалдар пайдаланасыздар, соларды жергілікті кәсіпорындардан алсаңыздар деген ұсынысым бар.</p>	<p><u>Айшуақова Гүлнафис - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімінің орынбасары:</u> Өте дұрыс, азаматтар келгенде, осы мәселелерді айтқанмын. Жергілікті кәсіпкерлерді қолдайсыздар, олармен жұмыс жасайсыздар деп айтқанмын, ол міндетті түрде Меморандумға кіреді. Ашылатын жұмыс орындарында, мысалы, бетонщик, арматурщик, сварщик, лесомонтажник, монтажник, электрик, разнорабочий дерлік, сол</p>	<p>Алынып тасталған</p>



		себептен бұлардың барлығы біздің ауылдан табылады. Төраға ретінде, аудан әкімінің орынбасары ретінде, міндетті түрде қадағалаймын.	
7	<u>Мыңбаев Канат – Маслихат төрағасы:</u> Сосын вахталық әдіс неше күн болады?	<u>Айшуақова Гүлнафис - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімінің орынбасары:</u> Жергілікті азаматтар болғандықтан, он төрт күнді қарастыратын боламыз, себебі ол тиімді, сіздерге де, бізге де.	Алынып тасталған
8	<u>Сабырғали Мейрамбай – Жылыой ауданының тұрғыны:</u> Осы Меморандумға халықтың ішінен сенімді адамды сайлауға, комиссия мүшесіне қосу қажет.	<u>Айшуақова Гүлнафис - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімінің орынбасары:</u> Мейрамбай аға, комиссия мүшесі деген жоқ бұл жерде, «Мансап» орталығы алдарыңызда тұр, сол жаққа барып, қадағалап, сұрақтарыңызды қойып қатысыңыздар.	Алынып тасталған
9	<u>Түсіпбаев Әділбек – ауыл тұрғыны:</u> Жұмыссыздық жөнінде айтып жатыр ғой, енді қоғамдық тыңдау осы ауылда болғандықтан, ең бірінші осы жердің тұрғындарын жұмысқа алсаңыздар деген ұсынысым бар. Гүлнафиз ханым, енді сіз айтып жатырсыз ғой, аудандағы «Мансап» орталығы, шыны керек ауданға кетіп қалса, онда біздің ауыл қарастырылмай қалуы мүмкін, сол себептен, ең алдымен, осы ауыл тұрғындарын сараптап алыңыздар, сосын қалғаны жетеді басқаларына.	<u>Айшуақова Гүлнафис - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімінің орынбасары:</u> Жақсы. Бұл жерде ешкімді бөліп жатқан жоқпыз, сол себептен қоғамдық тыңдау алдымен ауданда өтсін, сосын сол жерге жақын ауылда өтсін, 4600 жұмыс орны болса, барлығына жетеді міндетті түрде. Бұйырса, осы компанияның әлеуметтік жауапкершілік нысаны салынады, өздеріңізге қалатын ғимараттың бірі болады, рахмет.	Алынып тасталған
10	<u>Әлібек Амандық – Майкөмген а.о. депутаты:</u> Әлеуметтік нысандар және көгалдандыру деп айттыңыздар, енді соны нақтылап айтсаңыздар, неше ағаш отырғызылады, күтілім қалай болады?	<u>Айшуақова Гүлнафис - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімінің орынбасары:</u> Ұсынысыңыз қабылданды, міндетті түрде халықпен бірлесіп шешіледі барлық мәселе, көгалдандыру жағдайы да, әлеуметтік нысан да, рахмет.	Алынып тасталған



	<p>Ауданға ма, ауылға ма нақты айтсаңыздар. Сонымен қатар, әлеуметтік нысан: спорттық кешен емес, әкімдікпен санасып шешіледі дедіңіз, бұл мәселе ауыл тұрғындарымен де шешілісін деп ойлаймын, нақты ауылға не қажет екендігін, мүмкін шынымен амбулатория қажет пе, әлде балаларға кешен қажет пе, осыны ауыл халқынан біліп, бірге шешсеңіздер.</p>		
11	<p><u>Жұмабек Асқар – ауыл тұрғыны:</u> Жұмыссыздық жайлы сұрақ, резюмені қайда тапсырамыз? Мысалы, бір жеге резюме тапсырайық десек, олар бір жақтан, екінші жаққа жібереді, қарастырмайды да.</p>	<p><u>Айшуақова Гүлнафис - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімінің орынбасары:</u> Аудан әкімімен бірге ярмарка жасаймыз деп уәде бердік, сол ярмаркаға қатысыңыздар, келіңіздер. Осы кісілірмен Меморандумға отырғанда, «Мансап» орталығы арқылы жұмысқа алынады. Құлсарыда компанияның өкілі болады деп жатыр, тікелей алады.</p>	Алынып тасталған
12	<p><u>Сабырғали Мейрамбай – Жылыой ауданының тұрғыны:</u> Алдымен халықты жұмысқа алып, жерді көгалдандырып, уәдені орындап, содан кейін қоғамдық тыңдау өткізіндер.</p>	<p><u>Омаров Ерхан Болатжанұлы - "KMG PetroChem" ЖШС Басқарма төрағасының орынбасары:</u> Енді бағанадан бері сұрап жатырсыздар ғой компания жайлы, «KMG PetroChem» ЖШС (бұдан әрі-Серіктестік) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 100% еншілес ұйымы болып табылады және мұнай-газ химиясы саласындағы жобаларды іске асырумен айналысады. Серіктестік өз қызметі шеңберінде «Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенін салу. Екінші фаза (Газ сепарациялау қондырғысын салу)» жобасын жүзеге асырады. Қызметкерлерге келетін болсақ, әрине, компания үшін жергілікті тұрғындар арасында жұмысшыларды қызметке</p>	Алынып тасталған

		<p>қабылдау тиімді. Өйткені, егер басқа өңірлерден қызметкерлер қабылданатын болса, онда оларды тасымалдауға, тұрғын үймен қамтамасыз етуге және т.б. шығындар қажет болады. Аудан әкімінің орынбасары айтқандай, Меморандумға қол қойылды. Меморандумға сәйкес жоспарланған іс-шаралар орындалады.</p> <p>Кадрлар бөліміне қатысты, олар жеткілікті жауап бермейді, сұрақтардан қашады дейсіздер. Иә, мұндай прецеденттер бар. Егер осындай проблемалар туындаса, онда компаниядан өкіл жіберіледі. Ол жергілікті жерлерде әкімдікпен, халықтың өкілімен жұмыс жүргізетін болады. Туындаған сұрақтар бойынша өкіл дереу сол жерде жауап береді. Бұл хаттамаға да енеді. Көгалдандыру мәселелері бойынша, сіздер көптеген әңгімелер, уәделер бересіздер және тағы да басқа компаниялар да осындай қоғамдық тыңдау жүргізеді дейсіздер. Егер мұндай іс-шаралар, яғни қоғамдық тыңдау жүргізілмесе, онда өндіріс ашылмайды, сәйкесінше жұмыс орындары болмайды. Зауыт құрылысы басталғанға дейін жұмысшылар да жұмысқа қабылданбайды. Сол үшін де алдымен осы зауыттың құрылысын бастау керек. Сондықтан біз бұл жоба туралы егжей-тегжейлі айтып беру үшін сіздермен кездесіп, тиісті қоғамдық тыңдауды өткізіп жатырмыз. Бүгін қойылған барлық сұрақтар қоғамдық тыңдаудың хаттамасына енгізіледі және жазбаша жауап беріледі.</p>	
13	<p><u>Ермекбайұлы Нұрлыбек – Майкөмген ауылының тұрғыны, Мәдениет үйінің басшысы:</u></p>	<p><u>Омаров Ерхан Болатжанұлы - "KMG PetroChem" ЖШС Басқарма төрағасының орынбасары:</u></p>	<p>Алынып тасталды</p>



	<p>Тағы да жұмыссыздық жөнінде, «Мансап» орталығы арқылы емес, тікелей Майкөмген ауылының әкімдігі арқылы қызметке алынса жұмысшылар.</p>	<p>Компания өкілі болады, ауыл әкімдігімен де бірлесіп, жұмыс жасалатын болады.</p>	
<p>14</p>	<p><u>Ермекбайұлы Нұрлыбек – Майкөмген ауылының тұрғыны, Мәдениет үйінің басшысы:</u> Өлеуметтік жағдай бойынша, KMG PetroChem компаниясына үш ойын алаңын салып беру туралы ұсынылған, үшеуі ауылдық үш шетінен, былай қарап тұрса, ол жерлерге бұрын алаң салынады деп дайындалған, бірақ белгілі мәселелермен салынбады, сол мәселеге тоқталғым келіп тұр. Мына жерде бәріміз айқайлап жатырмыз ғой баламыздың болашағы деп, бір ойын алаңы салынса да – ол баламыздың болашағы болып есептеледі. Расымен, қазір барлығы үйде, жатып алып соткамен интернет қарайды, сондықтан біздің ауылымызға алаң да қажет. Майкөмген алыста орналасқан деп жатсыз, бізге келген қонағымыз тыңдаулар өткізгенде біз ауыл перспективасын айтамыз. Бұған дейін келгендер айтқан нәрсесін орындады, бес мың тонна топырағын ауылдан шығарып, сырт жаққа төгіп, жерін шарбақпен қоршап кетті, сол сияқты нәрселер бізде де жұмыс жасалынады, бізде де сұраныс бар деген сияқты. Және ол мекемелер екінші рет бізге келеді ғой, ТШО-ға жер қашықтығы бойынша біз ең жақын</p>	<p><u>Айшуақова Гүлнафис - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімінің орынбасары:</u> Нұрлыбек, рахмет! Мана менің де айтып кеткенім сол ғой. Майкөмгенде де білімді, білікті адамдар бар өз жұмысына жауап беретін, өзінің елі үшін, өзінің жері үшін еңбек етіп жүрген. Нұрлыбек, алаңға қатысты айтар болсам, үш алаңды бір мезгілде салғаннан гөрі, ауылға, тұрғындарға қажетті басқа да нысан болса деген ниет. Жақсы бұрын алаңға деп дайындалған жерге бір алаң салсын, ал екіншісінің орнына амбулатория салуға болады, амбулаторияда керек қой тұрғындарға, сіздерге? Бұл менің ұсынысым болған, жалпы нысан мәселесі сіздермен ақылдасып, шешілетін болады, үлкен рахмет.</p>	<p>Алынып тасталды</p>



	орналасқан елді мекендер болғандықтан, сол сияқты нәрселер де бізге керек.		
15	<p><u>Сайлаубай Таласов – «АМАНАТ» партиясы Жылыой аудандық филиалының төрағасы</u> Қайырлы күн, бүгінгі жиынға қатысушылар! Мен Аманат партиясының Жылой аудандық филиалының төрағасымын, ал енді ортаға жақсы ұсыныстар шығып жатыр, мына компанияға байланысты екі ауыз өтінішімді айтайын деп тұрмын. Жалпы жұмыстан босанып қалған адамдар Аманатқа келеді, бірінші кезекте, жұмыссыздық мәселесін айтады. Мысалға вахталық тәртіппен еңбек етіп жүргендер кадр бөлімі жиырма сегіз күн деп айтады дейді, бұл жерде жиырма сегіз күнге келісесіз бе, әлде он төрт күнге келісесіз бе деп айтпайды, әрине бұл Сіздің компанияға қатысты емес, енді осындай жалпы әңгіме бар, сондықтан осы мәселені қаперлеріңізге алуды сұраймын. Біздің жергілікті бір компания осындай жобаны қолға алғанда он төрт күннен бастап кетті жұмысты, сонымен жұмысын әрі қарай жалғастырып келе жатыр. Олар шетелдік компаниямен келісімшарт жасалынып, екі айдың ішінде жиырма сегіз күннен он төрт күнге аударып тастады қызметкерлердің жұмысын. Әрі кеткенде екі ай қиналды, қиындықтар болды, бірақ он төрт күнге</p>	<p><u>Айшуақова Гүлнафис - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімінің орынбасары:</u> Ұсынысыңыз қабылданды, рахмет.</p>	<p>Алынып тасталды</p>



	<p>аударды. Сол сияқты егер, мүмкіндік болатын болса, вахтаны төменгі он төрт күннен бастап кетсе, тиімді болатын шығар деп ойлаймын.</p>		
16	<p><u>Айтбике Кабатова, Майкөмген ауылының тұрғыны:</u> Жеке асхана бола ма немесе басқа жерде тамақтанасыздар ма? Егер жеке асханаңыз болса? Осы Майкөмген елдің мекенінің өніміңдерін, ет өнімдерін, сүт өнімдерін алуды асханаға кіргізсеніз, ұсыныз? Сосың малдын жүндерін шикізатын кішігірім цех ашып берсеңіз, ұсыныс.</p>	<p><u>Айшуақова Гүлнафис - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімінің орынбасары:</u> Осы сұрақ ең күшті сұрақтардың бірі. Міндетті түрде жергілікті кәсіпкерлердің өнімін аласыздар, пайдалана аласыздар жаңа ғана келістік. Бірақ, ертең сізге 1 тонна сүт бер деп, міндетті түрде беруіңіз тиісті. Соған сіз дайын болыңыз. Цех бойынша ұсынысты қарайық.</p>	Алынып тасталды
17	<p><u>Досмұхамбетова Балжан Ибатовна, Қазақстан Халық партиясы:</u> Өте көп мәселе жұмыссыздық жайлы айтылды, біздер білеміз иә, мына қаңтар айында, маусым айында ТШО-дан 5513 адам босатылады, оның ішінде 2183 Атырау облысының адамдары, сол мәселеге бөлек қарайсыз ба деген ұсынысым бар. Сосын бізде студенттер бар, оқуларын бітіріп жатқан, олардың мәселесі қалай шешіледі, содан кейін 2025 жылдан бастап, 2029 жылға дейін адам алсаңыздар, олардың тұрмысы қалай шешіледі? Осыларды қарастырсаңыздар деген ұсынысым. Жұмысқа қабылдау «прозрачный» болсын тоқсан сайын адамдармен кездесесіздер ма, кімді аласыздар, қандай талаптар болады сіздерде, егер осының бәрі ашық болса, халық қарсылық</p>	<p><u>Айшуақова Гүлнафис - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімінің орынбасары:</u> Балжан апай, сәлеметсіз бе! Ұсыныстарыңыз қабылданды. Меморандумға отырдық, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтимыз деп айттық. Енді қойған сұрағыңыз бойынша, ол сұрақты бағана Гүлмира Идрисқызы қойған болатын, айтып кеткендей магистральді-водопроводпен келесімшарттары бар, солардан алады. Озеленение жайлы да айтқан болатынбыз, Майкөмген а.о. және Жылыой ауданында, бізге қажетті жасыл желектерді, оларды 4-5 жыл күтіп ұстауды мына мекеме міндеттеп ұстайын деп отыр.</p>	Алынып тасталды

	<p>көрсетпейді деп ойлаймын. Қазір осы компанияның келгені жақсы деп отырмын, жыл сайын адамдарды алып, жергілікті тұрғындарды алып, оқытып, студенттерді де қарастырасыздар деп ойлаймын, бұл менің ұсынысым сіздерге Халық партиясының атынан. Енді сұрағым, мына ауыз су мен техникалық суды қайдан сатып аласыздар, ТШО сіздерге қандай бағамен беріп жатыр? СЗЗ бойынша, көгалдандыру бойынша айтсаңыздар тағы.</p>	
<p>18 <u>Чернова Галина - «Центр эколога и правовой инициативы Глобус»</u> <u>Атырау:</u> Ну я понимаю, что, куда важнее говорить о рабочих местах и о том, что идет сокращение по Тенгизшевройлу и что, люди выбрасываются на улицу без работы, но мы практически не говорим о воздухе, потому что он пока еще у нас есть. Мы вспоминаем, о воздухе и состоянии природы только когда, она сокращается как шагреновая кожа. Поэтому я буду говорить об экологических проблемах. Ну проект достаточно слабо разработан, именно в части касающийся воздействия на атмосферный воздух от вашего предстоящего проекта по ГСУ. 1. Необходимо не только дополнить описательную часть конкретными данными, ну и в том числе расписать группу суммации вредных веществ, которые будут выбрасываться, вы только указываете, что с</p>	<p><u>Паржанов Чингиз – старший менеджер ТОО «SED»:</u> В РООС приведен расчет и описание всех веществ, выбрасываемых в атмосферу. В Таблице 3.3.6.1 приведен перечень всех веществ, выбрасываемых на этапе СМР с объемами выбросов по годам, а в таблице 3.3.6.3- на этапе ПНР. Данные по всем группам суммации приведены в таблице 3.3.5.2. Предложения по нормативам выбросов занимают несколько страниц текста. Их невозможно показать в презентации.</p>	<p>Алынып тасталды</p>



	<p>тридцати четырех наименовании группа не суммации первого и четвёртого класса по опасностям будут обладать тринадцать веществ, какие это вещества? Нету даже намека и упоминаний в проекте, это первое.</p>		
<p>19</p>	<p><u>Чернова Галина - «Центр эколога и правовой инициативы Глобус»</u> <u>Атырау:</u> Второе, я этот вопрос задавала Вам на круглом столе и не получила ответов и задавала Вам эти вопросы письменном виде и тоже не получила ответ, почему вопрос о воздействии объектов Тенгизского месторождения, в частности ТШО на состояние атмосферного воздуха, не нашли своего отражения на данном проекте и почему даже не рассматривались?. Хотя мы прекрасно понимаем, что близкое расстояние всего в один километр от действующих заводов ТШО, а их теперь три КТЛ-1, завод второго поколения или КТЛ-2, и теперь завод будет третьего поколения проект будущего расширения. Как они воздействуют на окружающую среду региона и как Ваше ГСУ будет усиливать негативное это воздействие и давать совокупный выброс вредных веществ, просчитывались ли совокупное негативное воздействие, в том числе от вашей установки.</p>	<p><u>Паржанов Чингиз – старший менеджер ТОО «SED»:</u> Учет кумулятивного воздействия для проектируемой ГСУ был проведен на стадии разработки ТЭО. В рамках этого исследования был проведен сводный расчет рассеивания загрязняющих веществ в атмосфере с учетом вклада источников ТШО и проектируемой ГСУ. По результатам моделирования установлено, что вклад ГСУ в уровень загрязнения атмосфере менее 0,05%, т.е. минимален, и не выходит за пределы СЗЗ ТШО. Расчеты рассеивания, выполненные в рамках настоящей РООС, и охватывающие стадии строительства и пуско-наладки, также показали, что выбросы ГСУ не приводят к изменению границ СЗЗ ТШО.</p>	<p>Алынып тасталды</p>

20	<p><u>Чернова Галина - «Центр эколога и правовой инициативы Глобус»</u> <u>Атырау:</u> Учитывалась ли при расчетах зоны рассеивания и расположение вахтового поселка Тенгиз, который находится на незначительном удалении, практически находится внутри промышленной зоны, то есть я настаиваю на том, что проект требует своей доработки и более тщательных расчетов, тем более что вы по показаниям озона и сероводорода действительно признаете на странице 43 своего проекта, что характеристика состояния загрязнения атмосферного воздуха 2023 году отмечало более трех тысяч раз превышения озона в атмосферном воздухе превышение ПДК и сероводорода превышение составляло 1173 раза, как эти показатели нашли свое отражение в ваших расчётах и где это учитывалось?</p>	<p><u>Ботвина Екатерина – старший менеджер ТОО «SED»:</u> Мы уже говорили ранее, что вахтовый городок Тенгиз будет удален на расстояние 25 км от места строительства. Результаты рассеивания показали, что радиус воздействия на этапе СМР составляет 1,37 км, а этапе ПНР – 0,14 км. Таким образом, зона воздействия, т.е расстояние до 1 ПДК, будет значительно меньше, чем расстояния до вахтового городка и населенных пунктов, таких как Майкомген, до которого 73 км и Кульсары. Данные о которых вы говорите характеризуют состояние атмосферного воздуха в г.Кульсары, который находится на расстоянии 95 км от места проведения работ. Данные взяты из Информационных бюллетеней о состоянии окружающей среды Атырауской области за 2023 и полугодие 2024 гг. Эти данные не были приняты в качестве фоновых ввиду удаленности данного населенного пункта от места проведения работ (95 км). Вопрос о воздействии объектов месторождения Тенгиз на состояние атмосферного воздуха в данном РООС не рассматривался. Следует добавить, что в РООС также приведены данные замеров атмосферного воздуха, выполненные в 2023 г. на участке проектируемого строительства в ходе инженерно-экологических исследований, которые не показали превышений нормативных значений.</p>	Алынып тасталды
21	<p><u>Чернова Галина - «Центр эколога и правовой инициативы Глобус»</u> <u>Атырау:</u> Ну и по альтернативному использованию воды, вы</p>	<p><u>Сүлейменов Алмаз - «KMG Petrochem» ЖШС ГБК алаңындағы жұмыстар тобының менеджері:</u> Что касается альтернативных источников водоснабжения, их</p>	Алынып тасталды

<p>пишете, что безвозвратно будет использована вами почти 154 тысячи тонн воды, нас это не устраивает, потому что идет большой испарительный процесс, мелеет Каспий, Урал, представляет сейчас очень низкий уровень в эту и осеннюю межень и сейчас, то есть воды нет, где вы будете брать воду? Вы в своем проекте пишете, что, когда будете рыть траншеи и котлованы под свою установку, будете в том числе и подземные водоносные горизонты грунтовые воду, ну она понятно высокими нереализованная соленая и содержит сульфаты нитрита итд., будете сливать в ссоры, которые находятся близ Тенгизского месторождения. Может быть, как, то есть возможность использовать эти объемы воды, для хотя бы пыле подавления, которые вы собираетесь делать на момент строительства своей ГСУ, то есть вот такие проблемы животрепещущие и требуют безотлагательных решения и более серьезной отработки в этом проекте.</p>	<p>использование в проекте не предусмотрено из-за значительных технических и экологических сложностей. В частности, опреснение морской и грунтовой воды требует дорогостоящей инфраструктуры, а также решений по утилизации рассола, что связано с дополнительными затратами и воздействием на окружающую среду. Предложение об использовании грунтовой воды на пылеподавление - очень интересное, спасибо за идею, рассмотрим.</p>	
